

«Н. Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектеп»КММ

«Буллинг» дегеніміз не?

Педагог-психолог: И.М.Жұмабекова, Н.О. Нұрмахамбетова

«Буллинг» дегеніміз не?

1. Мектептегі конфликтті мен буллингті қалай ажыратамыз?

"Буллинг - балалар ортасындағы мәртебесін, ролін шегелеу мақсатында араларында кім күштірек, мықтырақ, кереметтеу, көшбасшылыққа жақындау екенін айқындау үшін болатын жайт. Ал екі оқушы бір затты бөлісе алмай, дауласса, бұл - конфликт. Ортада міндетті түрде таласқа түсетін бір зат болуы керек. Сондықтан конфликт кезінде медиацияның болуы тиімдірек: медиатор екі тараптың да пікір айтуына мүмкіндік жасап, келісімге келу амалын табуы мүмкін.

Ал буллингтегі зат деп отырғанымыз - статус, "Бұл ортада кіммін", "Орным қандай?" деген сұрақтар. Сондықтан бұл тұста ортақ бір шешім табу қиын, баланың өзін қалай көрсетіп, оған сол ортаның қалай қарайтыны негізге алынады. Сондықтан медиация да ұзаққа созылуы мүмкін және бұл мүлдем тиімсіз".

2. Буллинг нысаны, агрессор, куәгер. Кім көбірек зардап шегеді?

"Процесс құрылымына келсек, буллинг нысаны болады. Әдетте "құрбан" деп атап жатады, алайда бұл дұрыс емес, осы бір атау балаға кейінірек те қиындық тудыруы мүмкін. Бұған қоса, агрессор - шабуыл жасаушы, кемсітуші роліндегі адам мен жай ғана бақылаушы роліндегі куәгерлер болады. Куәгерлер тобы іштей бір тарапты қолдап, екіншісін айыптауы мүмкін. Алайда қолдау мақсатында қандай да бір нақты әрекет жасамайды.

Бұдан бөлек топтасқан кемсітушілер болуы мүмкін екенін, он бала бірден бір оқушыға қысым көрсетуі мүмкін екенін де ұмытпаған жок. Кейде агрессор педагог болуы да мүмкін. Мұғалімдер педагогика әдісін буллингпен шатастырып, балаға әсер ету амалы деп, оны кемсітіп жатқанын байқамауы да ықтимал.

Аталған үш тараптың қайсысы көбірек зардап шегетінін кесіп айту қиын. Әрине, буллингке ұшыраған бала қатты қиналады, кейбірі неврозға шалдығып жатады. Алайда агрессордың жағдайы да көңіл көншітерлік болуы екіталай. Ешкім бақытты болғаны үшін біреуді кемсітпейді. Баланың біреуді кемсітуге ұмтылуы - оның үйінде, өмірінде бір қиындық бары мен коммуникатив икемдеріне қатысты кемшіліктері бар деген сөз. Агрессордың басты мақсаты - өзгені кемсіте отырып, өз-өзіне сенімділігін күшейту. Демек, бала жөн сөзбен өзі жайлы баяндап, ортада сыйлы бола алмайды. Бұл тек мектепте емес, кейін отбасылық өмірде, жұмыста да кедергі болады.

Буллингтің куәгері де өзгелерден кем зардап шекпейді. Ол буллинг нысанына аяушылықпен қараса, демек ол да кемсітуге ұшыраған сол баламен бірдей қиналады. Себебі ол оның орнында болудан, сол жағдайға түсуден қорқып-ақ, күйзеліп үлгерді. Ал бақылаушы агрессор тарапын қолдаса, дәл сол шабуыл жасаған адамның күйін кешеді.

Буллинг процессіне қатысы бар кез келген адам қиналады, куәгерлер де агрессор немесе буллинг нысаны болған тарап деп бөлінеді, тек олар сезімін ішінде сақтап, эмоция шығара алмайтындықтан, тіпті қаттырақ қиналуы мүмкін.

3. Баланың буллингке тап болғанын қалай түсінеміз? Анық белгілері бола ма?

Әрине, баладағы кез келген өзгеріс буллингке тап болғанының белгісі болуы мүмкін. Мысалы, ол мектептегі түрлі мерекелік шара мен ашық сабаққа белсене қатысып жүріп, кенет қызығушылығы басылып қалғанын, қатысқысы келмейтінін айта бастауы мүмкін. Мұндай өзгеріс тікелей буллинг белгісі болмаса да, баланың өмірінде өзгерістер болып жатқанының айғағы екенін есте ұстау керек. Ал бала мектепке барудан бас тартса, бұл көп жағдайда сол буллингке ұшырап жүргенінің белгісі болып шығып жатады. Бұл үшін іші, басы ауырғанын айтып, түрлі сылтау табуға тырысуы мүмкін.

Бала экономикалық буллингке тап болса, үйден ақша, құнды заттар да жоғала бастауы мүмкін. Мұндайда физикалық қысым көріп жүрген болуы ықтимал.

Бұдан бөлек баланың эмоционал халіне де назар аударған жөн. Кенет болған шуға дір ете қалса, смартфонын жасырып, ұйықтаған кезде мазасызданатынды шығарса да, ата-ана назар аудара бастауы керек.

4. Баласының буллинг қатысушысы (нысан/агрессор/куәгер) екенін білген ата-ана ең әуелі не істегені жөн?

"Ата-ана күдік пайда болған тұста-ақ, бірден баласымен ашық әңгімелесуі керек. Балалар, өкінішке қарай, көп нәрсені жасырып жатады. Бірі ата-анасын уайымға салғысы келмейді, ендібірі қорыққанынан айтпайды, сын естуден қашады. Кейбірі әке-шешесі баланың өміріне мүлде қызығушылық танытып, хал сұрамайтындықтан, оларға айту керек екенін білмейді де, ал басқалары "өсекші" деген "атақ" алудан қорқып, мәселені өзі шешуге тырысуы мүмкін. Баланың буллинг болып жатқанын жасырып қалуының мұнан да өзге себептері жетеді.

Дәл осы тұста ата-ана баланы сынап-сөкпейтінін, қолдап-қорғайтынын түсіндіруі маңызды. Ата-ана кейінгі кездері баласы өзгеріп жүргенін, буллингке ұшырап, мектепте қысым көріп жүр ме деп уайымдайтынын, осындай мәселе болса, оны шешуге көмектесетінін айтуы керек. Өйткені баланың мұндай мәселені өз бетінше шешуі екіталай.

Бұл жағдай көбіне мектепте болатындықтан педагогтардың да назарын аударған жөн. Алайда олар кей кезде "Бала ғой, олар осылай алысып-тыртысып жүріп өседі" деп тақырыпты жылы жаба салуы мүмкін. Керісінше, мұғалімдердің де салдары болатынын түсінуі маңызды. Олар тек буллинг жасайтындармен ғана емес, сыныппен түгел жұмыс істеп, түсіндіру жұмысын жүргізуі керек.

Ал педагог ата-ана өтінішіне құлақ аспай, буллинг оқиғасы бойынша жұмыс істеуден түбегейлі бас тартса, оны жоққа шығарса, мектеп әкімшілігіне жүгінуіңіз керек. Тіпті бірден директор атына жазбаша өтініш жазуға болады. Жазбаша дәлелдің болуы маңызды. Осылайша оқиға қашан, қайда, кімге қатысты болғанын құжат жүзінде бекіткен болып есептелесіз. Директор да мәселенің шешімін табудан бас тартса, әр облыстағы бала құқығын қорғау бойынша арнайы комитет өкілдігіне ресми шағым түсіруге болады. 2019 жылы заңға енгізілген өзгерту бойынша педагог класта буллинг әрекеті, физикалық қысым шаралары болып жатқанын, кластағы балалардың біріне қауіп төніп тұрғанын біле тұра инспекторға, мектеп әкімшілігіне хабарламаса, ол әкімшілік жауапкершілікке тартылуы мүмкін. Егер жағдай ушығып кетсе, мәселе қылмыстық жауапкершілікке дейін барады".

5. Баланың буллингке ұшырағанын білген соң агрессор жақтың ата-анасымен кездесу керек пе?

"Екі тарап өзара кездесіп, әңгімелесіп, мәселенің ортақ шешімін таба алса, жақсы, әрине. Алайда тәжірбие бойынша ата-аналар үнемі тек өз балаларын жақтап, екінші тарапты тыңдаудан бас тартатынын, ортақ шешім тауып, келісімге келуді қаламайтынын байқап жүрміз. Көп жағдайда қарапайым ұрыс-керіс, сөгіс пен қарғысқа айналып кететіндіктен, екі тараптың өз бетінше кездесуі көп кеңес етіле бермейді. Сондықтан екінші жақтың ата-анасы мәселені әңгімелесе отырып, талқылай шешуге ниеті болмаса, қашықтықты ұстанған абзал".

6. Ата-аналар тағы "нені істемеуі" керек?

"Ең әуелі сабырға келіп, салқынқанды болуға тырысыңыз, эмоциямен шешім қабылдаудан аулақ болыңыз. Әдетте ата-аналар "Балама бұлай әстеуге кімнің дәті барады?", "Баламды неге ренжітеді?" деп бірден біреуді айыптап, жазалағысы келіп тұрады. Конструктив диалогқа дайын болған кезде ғана іске көшуге болады. Кінәліні іздемес бұрын заң бойынша қандай амалдар қолдана алатыныңызды іздеп көріңіз. Қарсы тараптың ата-анасын, мектеп әкімшілігін жауапқа тарта аласыз, бірақ фактологияның: хат алмасуды дәлелдейтін скриншот, баланың бүлініп қалған киімі, оқиға жайлы айтып беруге дайын куәгерлердің болуы және тағы басқасы маңызды. Балаңыздың жағдайы қаншалықты нашар болса да, өз бетіңізше екінші тарапты жазалауға ұмтылу құптарлық әрекет емес. Қайта әуелі баланың жағдайын қалпына келтіруге тырысқаныңыз жөн. Көп жағдайда ата-аналар қиналып жатқан баласын ұмытып, тек өзін дәлелдеуді мақсат етіп алады. Асықпаңыз".

7. Мектеп ауыстыру мәселені шеше ала ма?

"Бірінші қиындықтан соң бірден қашып кетуге тырысу да дұрыс емес. Мұны бала басқа жолы да "қиындықтан қашып қана құтылу керек" деп түсінуі мүмкін, бірақ баланы 11 жыл бойы бір мектепте оқуға мәжбүрлеудің де қажеті жоқ. Бала мектеп ауыстырғысы келмесе, достары мен ұстаздарын жақсы көріп тұрса, жалғыз кедергі буллинг болса, иә, таймаут алып, біраз уақыт үйде тынығуына болады. Ал баланың өзі мектепке барудан бас тартып, достарымен сөйлесуден, ойнаудан, қыдырудан қалса, басқа мектеп жайлы ойлануға болады. Алайда кейбір кішігірім аудандарда мұндай мүмкіндік болмауы да мүмкін. Сондықтан жағдайда қарай икемделуге тура келеді".

8. Буллинг мектептен тыс жерде болса, не істеуге болады?

"Буллинг мектептен тыс үйірмелерде болды делік. Бұл кезде де тура мектеп жағдайындағыдай әрекет етесіз. Әуелі жауапты маманға, кейін әкімшілікке жүгінесіз. Ал бала аулада ойнап жүріп буллингке тап болса, куәгерлер көмегімен мұның қашан, қайда, қалай болғанын анықтап, кәмелет жасына толмағандар инспекциясына ресми шағым түсіресіз".

9. Буллинкті болдырмау үшін баланы қалай тәрбиелеген дұрысырақ?

"Бәрімізде буллингке тап болу қаупі бар. Өйткені үнемі ортада кім екенімізді, не істей алатынымызды көрсеткіміз келіп тұрады. Сондықтан "Бізде буллинг болмайды" дейтін мектеп емес, "Иә, буллинг болуы мүмкін, бірақ біз оның алдын алу мен мәселені шешу амалдарын, баламен қалай жұмыс істеу керек екенін білеміз" дейтін мектеп тәуірірек. Қазіргі "мінсіз мектептің" басты критерийі де осы болуға тиіс, бірақ әрбіріміз жеке тәрбиемен айналысып, бір-бірін қинап, кемсітіп, қыстамайтын қоғам қалыптастыра алатынымыз рас.

Ол үшін ата-ана балаға жастайынан жеке шекараның не екенін түсіндіруі қажет. Бала өз шекарасын қорғап, өзгенің де шекарасына құрметпен қарауды түсініп өскені жөн. Ешкімді сөзбен, күшпен ренжітпестен өзін сыйлата білуді үйрету керек. "Менің еркіндігім екінші адамның еркіндігі басталған жерде бітеді" дегенді есте ұстау маңызды. Адамгершіліктің қарапайым қағидасы - осы. Алайда оны біреуге ойыңа келген балағат сөзді айтып, ренжітпей-ақ, спорт арқылы шығаруға болады. Бастысы бұл қағиданың бәрі отбасы мүшелері арасында да сақталуы керек. Үйде бір-бірінің пікірін құрметтеп өскен бала, мектепке барып бұзыла қоймас".

Н.Төреқұлов атындағы №8 жалпы білім беретін мектебінің 1-11 сынып жетекшілерімен және ата – аналарымен жүргізілген «Буллинг» дегеніміз не?» жиналыстың қорытындысы туралы

Анықтама

Мақсаты: Балалардың білім ордасындағы тәрбиесін түзеу және құқығын қорғаудағы проблемаларды анықтап, буллинг жайлы кеңестер мен ұсыныстармен ата – аналармен және сынып жетекшілермен жиналыс барысында түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Осы мәселе бойынша ата – аналардың көзқарасын білу үшін жүргізілуде.

Мерзімі: 16.09- 18.09.2023ж

Уақыты : 25 минут

Жиналысты жүргізгендер: Жұмабекова И, Нұрмахамбетова Н

Қатысқандар: 98 ата - ана

Қыркүйек айында 1-11 сынып ата-аналарымен және сынып жетекшілерімен «Буллинг» дегеніміз не?» тақырыбында жиналыс ұйымдастырылып, өткізілді.

Мақсаты: Мектептегі буллинг себептері және алдын алу жұмысы.

Жасөспірімдердің арасындағы буллинг себептерінің алдын-алу мақсатында «Ғаламтордың пайдасы мен зияны», «Буллинг және кибербуллинг» тақырыптарында психологиялық ағарту жұмыстары жүргізіліп, суицидке бейім оқушыларды анықтау мақсатында Айзенек әдістемесі бойынша алдын алу бойынша жасырын және ашық түрдегі сауалнамалар алынды.

Жиналыс алдымен ата-аналармен , сынып жетекшілермен сәлемдесуден басталды. Танысу « Мен және мендегі жақсы қасиет». Барлық қатысушы өзін таныстыра отырып, бойларындағы жақсы қасиеттерін атап өтті.Құрметті ата-аналар мен ұстаздар сіздердің аты-жөніңізді білгеніммен де бойларыңыздағы жақсы қасиеттермен бірге танысқаным үшін қуаныштымын. Бүгінгі жиналыс басында жиналуымыздың басты мақсаты «Буллинг» дегеніміз не?»тақырыбында кеңес беру бойынша өткізілді.

Нәтижесінде ата-аналар өз балаларын тәрбиелеуде, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық жасау, өз досына және айналасындағы басқа да жолдастарына жақсы көзқараста болу, қоғамдық ортада, сыныпта тәртіпті болу т.б. жақсы қасиеттерді бойына жиған, саналы ұрпақ тәрбиелеуде өз үлесін қосатындықтарын және буллинг тақырыбы бойынша алдын алу жолдары жайлы біраз мағұлматтар алғандарын жеткізді.

Кездесуде бүгінгі бала-ертеңгі мемлекеттік іргесін берік ұстайтын азамат болуы керек. Ол үшін ең алдымен отбасында сауаты жетілген, білімді ұрпақ қажет екенін айтылды.

Жиналыстың соңында ата аналар өз ойларымен, ұсыныстарын ортаға сала отыра талқылап, бала тәрбиелеудің бірқатар қиындықтары бар екеніні де түсінді. Жиналыс өз шеңберінде жоғары деңгейде аяқталды.

Ұсыныс: Бала мен ата-ана арасындағы қарым-қатынастағы қиындықтар көбінесе ересектердің балалардың тәжірибесін түсінбеуінен туындайды. Ата–аналар мен балалар арасындағы достық - бұл, ең алдымен, өзара сыйластықты, ересек адамның баланы түсінуін, оған түсіністікпен қарауын, онымен қарым-қатынаста әдептілік танытуын талап ететін ерекше қарым-қатынас екенін түсіндіружәне буллинг мәселесінің алдын алу мақсатында жүргізілді.